



# Сыр бойы

№95 (20971) 26 маусым, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

[www.facebook.com/syrboyi.kz](https://www.facebook.com/syrboyi.kz)

[www.instagram.com/syrboyi\\_kz](https://www.instagram.com/syrboyi_kz)

[t.me/syrboyi\\_kz](https://t.me/syrboyi_kz)

[twitter.com/syrboyi](https://twitter.com/syrboyi)

## /// ПРЕЗИДЕНТ



## ЕРЛІК ДАҢҚЫ МӘҢГІЛІК

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақтөбеге сапарында Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың мемориалдық ескерткіш кешеніне гүл шоғын қойып, оның рухына бір минут үнсіздікпен тағзым етті.

Биыл қазақтың қайсар қызының туғанына – 100 жыл. Мемлекет басшысы Әлия Молдағұлованың ескерткіші жанында жергілікті жұртшылықпен кездесті.

– Әлия Молдағұлова – халқымыздың қайсар қызы. Бүгін 100 жылдығына орай арнайы келдім. Бұл – ең алдымен, азаматтық борышым. Тағзым ету үшін келіп отырмын. Баршаңызға көп рақмет. Әлияның есімін халқымыздың арасында, шетелде кең ауқымда дәріптеуіміз керек. Ол – біздің мақтанышымыз. Сондықтан оның есімі біздің жадымызда мәңгі сақталады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

\*\*\*

Кеше сондай-ақ Президент – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Басқолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ХІ халықаралық «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынының ашылу рәсіміне қатысты.

Биыл Қазақстан, Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей және Өзбекстан елдерінің әскери-патриоттық қозғалыстарына мүше 800-ге жуық жастың басын қосқан іс-шара

Ақтөбе облысында ұйымдастырылып отыр. Слет қос атаулы датаға – Ұлы Жеңістің 80 жылдығына және қазақ халқының батыр қызы Әлия Молдағұлованың 100 жылдық мерейтойына арналады.

Қасым-Жомарт Тоқаев барша қатысушыларды «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынының ашылуымен құттықтап, бұл жас өрендеріміздің рухын шыңдайтын өте маңызды іс-шара екеніне назар аударды.

– Биыл «Айбын» жиыны қазақтың қайсар қызы, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толуына арналып отыр. Ержүрек мерген қыздың ерлігі халқымыздың және достас елдердің тарихына алтын әріппен жазылған. Қазақтың қаршадай қызы соғысқа аттанып, бірден қан майданның ортасына түсті. Ол сұрапыл шайқастарда теңдессіз ерлік пен Отан алдындағы парызға адалдық үлгісін көрсетті. Биыл Ұлы Жеңіске – 80 жыл! Бұл – біздің елдерімізге ортақ тарихи мереке. Ұлы Жеңіс күнін атап өту – батыр бабалардың рухына тағзым ету, олардың ерлігін жадымызда жаңғырту деген сөз.

2-бет



## ҰЛТТЫҚ МЕДИА – ХАЛЫҚТЫҢ ҮНІ

Сейсенбі күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев БАҚ саласы қызметкерлерін марапаттады. Журналистер қауымын алдағы Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күнімен құттықтап, ұлттық медиа – халықтың үні, ал журналист жасампаздық жаршысы екенін атап өтті.

– Сіздер мемлекет саясатын елге түсіндіріп, қоғам мен биліктің арасында көпір болып келесіздер. Елімізде жасалып жатқан реформалардың маң-мағынасын жұртшылыққа жеткізіп жүрсіздер. Бұл – өте маңызды, күрделі, ерекше жұмыс. Әрбір адамның қолынан келмейді. Мен бүгін бәріңізге шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Президент.

Кейінгі жылдары елімізде ауқымды өзгерістер жасалып, маңызды бастамалар жүзеге асырылып жатыр. Мемлекет басшысы атап өткендей, осыдан 3 жыл бұрын жалпыұлттық референдум арқылы Конституция жаңғыртылды. Мемлекеттің бүкіл саяси жүйесін өзгертетін тарихи қадамдар жасалды.

– Елімізде «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» қағидаты орныға түсті. Өкілді биліктің құзыреті күшейді, атқарушы биліктің жауапкершілігі артты. Конституцияға сәйкес билік тармақтары түгел жаңғыртылды. Ауыл және аудан әкімдері тікелей сайлана бастады. Билікке саясаткерлердің жаңа

буыны келіп жатыр. Азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдау ісіне белсене араласатын болды. Қоғамда пікір алуандығы орнықты, яғни, өз ойын заңға сәйкес айта алатын, көкірегі ояу, өркениетті қоғам орнығуда. Халқымыздың мүлде жаңа саяси болмысы қалыптасты. Заң мен тәртіп тұжырымдамасы қоғамымыздың сана-сезімінің ажырамас бөлігіне айналып жатыр, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Бүгінде елімізде жүргізілген реформалар экономика саласында да өз жемісін беріп жатыр. Былтырғы осы уақытпен салыстырғанда, өткен 5 айда ұлттық экономикада 6 пайыз өсім бар. Өңдеу өнеркәсібінің өсімі де 6 пайызға жуықтады. Жалпы соңғы бес жылда еліміздің ішкі жалпы өнімі 182-ден 286 миллиард долларға жеткен. Осындай дерек келтірген Президент бұған экономиканы әртараптандыру арқылы қол жеткізіліп келетінін атап өтті.

2-бет



Кеше ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық бағдарламасының іске асырылу барысы қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

## «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» – ЖАҢА ҮРДІСТЕРДІҢ ЖАРШЫСЫ

Үкімет отырысында Премьер-министр Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасын жүзеге асыруға қатысты бірқатар тапсырма берді.

«Үлкенді сыйлау, мәдени мұра нысандары мен инфрақұрылымға ұқыпты қарау, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды дамыту жаңа тәрбие беру парадигмасының құрамдас бөлігіне айналуы керек.

Бүгіннің өзінде осы бағытта түрлі акциялар, таза ауада жаппай сауықтыру жаттығулары, дөңгелек үстелдер, флешмобтар мен басқа да іс-шаралар өткізіліп жатыр.

Үлгі боларлық мысалдар мен қоғамдық маңызы бар бастамалар арқылы тәртіпке, салауатты өмір салтына, экологиялық мәдениетке, рухани дамуға бағытталған орнықты, позитивті күн тәртібін қалыптастырған жөн», – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Экология және табиғи ресурстар министрінің мәліметінше, бүгінде мемлекеттік орман қоры аумағына 1,3 млрд, оның ішінде Арал теңізінің құрғаған табанына 48,7 млн түп сексеуіл көшеті отырғызылған. Қазалы қаласындағы 33 гектар алаңда жылына 3 млн көшет өсіретін орман тәлімбағының құрылысы аяқталды.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы 2021-2025 жылдар аралығында Арал теңізінің құрғаған ұлтынындағы 1,1 млн гектарға сексеуіл екпелерін ету жөнінде тапсырма берген болатын. 2021-2024 жылдары 659,1 мың гектар алқапқа екпе егілді. Биыл қалған 440,9 мың гектар аумаққа сексеуіл көшеттері мен галофитті тұқымдар егу жоспарлануда.

Бұл жұмыстарды атқаруға бюджеттен тыс қаражат тартылды. Өткен жылы «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы 500 млн қаржы бөлсе, Қызылорда, Түркістан облыстары әкімдіктері мен КАТКО және «Республикалық орман селекциялық тұқым өсіру орталығы» орман екпелерін өтемдік отырғызу бойынша міндеттемелерді Арал теңізінің құрғаған табанына қайта бөлу үшін бесжақты келісім жасалды. КАТКО бөлген 2,2 млрд теңге жоспарланған Арал теңізінің құрғаған табанының жұмыс көлемін қаржыландыруға мүмкіндік берді.

Президент бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында қаламыздағы, аудан орталықтарындағы, ауылдардағы парктер, скверлер мен аллеялар, көпқабатты тұрғын үйлердің ауалары абаттандырылуда.

Аталған жұмыстарға қала, аудандар мен барлық ауылдық елді мекендер белсенді қатысып келеді. Аймағымыздың сәулеттік келбеті жаңарды.

Демеушілер есебінен Қызылорда қаласының орталық алаңы, Жаңақорғанда заманауи демалыс паркі, Сырдария ауданы Нағи Илиясов ауылында «Еңбекшілер паркі» пайдалануға берілді. Дәл осындай демалыс орны жақында ғана Қазалы ауданында ел игілігіне табысталды.

Қазір қаламыздағы Президент саябағы, Қорқыт Ата мемориалды аллеясы қайта жаңғыртылуда.

«СБ» ақпарат

## /// ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

## ТАЛАНТТЫ ӨНЕР ИЕСІ СЫР ӨҢІРІНДЕ

Қызылордадағы «Өнер орталығында» Қазақстанның Халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың екі мәрте иегері Досхан Жолжақсыновтың шығармашылық кеші өтті. Шығармашылық кешті мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлттық музейдің директоры Берік Әбдіғалиұлы, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, аймақтың өнерсүйер жұртшылығы тамашалады.

Салтанатты шарада облыс әкімі құттықтау сөз сөйлеп, ұлттық театр және кино өнерінің дамуына субелі үлес қосқан өнер иесіне шығармашылық тілөді.

– Досхан Жолжақсыновтың есімі аталса, әрбіріміздің көз алдымызға «Бандыны қуған Хамит» фильмі келеді. Бұл фильм қазақтың қайсар ұлы Хамиттің Отанына берілген адал бейнесімен қымбат. Душанбеде өткен кинофестивальда актер ер адам рөлін үздік сомдағаны үшін жүлде жеңіп алғанын жақсы білеміз. Қазақ киносы аталса, Шәкен Айманов, Серке Қожамқұлов, Құрманбек Жандарбеков, бүгінгі Асанәлі Әшімов, Тұңғышбай Жаманқұлов есімдері ойымызда тұрады. Ардақты Досхан ағамыздың

да осы қатарда өз орны бар. Еліміздің дарынды перзенті 200-ден астам рольді сомдаған. Біржан сал, Құнанбай, «Көшпенділердегі» Қалден Серен, «Алтын күздегі» Мұрат рольдері актердің талантын талай кырғақ ұтанытты. Жастарды кино алаңы мен үлкен сахнаға талпындырды. Бұл кейіпкерлер екі дәуірдің жастарын патриоттыққа, отансүйгіштікке тәрбиеледі. Досхан Жолжақсынов белгілі актер ғана емес, шебер орындаушы ретінде де халық арасында танымал. Домбырасын қолға алғанда рухтанып,




қазақ деген талантты халықтың таза болмысын көз алдына әкеледі, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Кеште көрермен назарына «Құнанбай» және «Біржан сал» көркем фильмдерінен үзінділер ұсынылды. Бұл туындылардағы тарихи көріністер мен ұлттық құндылықтар шығармашылық кештің мазмұнын байыта түсті. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қаракез Сүлейменова халық әндерінен шашу шашып, «Ахау керім», «Жүрші, сәулем» сынды дәстүрлі әндермен қатар «Біз әлі кездесерміз», «Найзағай көңіл», «Махаббат арман» атты лирикалық шығармаларды орындады.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы Досхан Жолжақсынов пен Қаракез Сүлейменоваға қазақтың дәстүрге сай құрмет көрсетіп, облыс әкімінің атынан ықылас гүлі табысталды.

«СБ» ақпарат





АУЫЛ  
ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
САНАҒЫ  
**2025**

QAZSTAT

# САНАҚ

## САЛАНЫҢ ДАМУЫНА ДЕМ БЕРЕДІ

**Ұлттық статистика бюросының  
Қызылорда облысы бойынша департамент  
басшысы Қайрат Әбсұлтановпен сұхбат.**



– **Қайрат Байғабылұлы, биыл өткізілуі тиіс ауыл шаруашылығы санағы туралы толығырақ білсек...**

– Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы «Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізу туралы» №1248 қаулысы негізінде аймағымызда Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы 2025 жылдың 1 тамызы мен 20 қазаны аралығында өтеді деп жоспарланған.

Ауыл шаруашылығы санағы – еліміздің аграрлық секторын зерттеп, осы саладағы негізгі мәселелерді анықтауға мүмкіндік беретін ауқымды статистикалық шара. Саланың құрылымы, ресурстары және жағдайы нақты бағаланып, еліміздің аграрлық болашағына үлкен септігін тигізеді.

– **Санақта шаруашылықпен айналысатын қандай топтар қамтылады?**

– Ауыл шаруашылығы санағына мал шаруашылығы, өсімдік және балық шаруашылығы саласында қызмет жасайтын 11 мыңға жуық шаруа немесе фермер кооперативтері, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер қатысады. Сондай-ақ 89 мыңнан аса жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін жер ұсаскерлері бар және мал ұстайтын (бақшасы бар, өздері үшін төрт түлік ұстайтын, құс өсіретіндер) үй шаруашылықтары да қамтылады.

– **Санақтың өту тәртібіне тоқталып өтсейік...**

– Санақ екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – онлайн сауалнама, 2025 жылдың 1-31 тамыз аралығында [sanaq.gov.kz](http://sanaq.gov.kz) порталында өтеді. Сауалнама кезеңінде заңды тұлғалар, фермерлер, жеке кәсіпкерлер және басқа да ауыл шаруашылығы саласымен айналысатын кәсіпорындар сауалнаманы өз бетінше онлайн режимінде санақтың сауалдарына жауап беру арқылы тапсыра алады. Онлайн сауалнама жинақтау жұмыстарының тиімділігін және деректердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Екінші кезең – 2025 жылдың 20 қыркүйек – 20 қазан аралығында интервьюерлердің жаппай үй шаруашылықтарын аралау арқылы сауалнама жүргізумен жүзеге асырылады. Бұл кезеңде онлайн сауалнаманы толтырмаған ауыл тұрғындары мен фермерлерге де сауалнама жүргізіледі.

Сондай-ақ онлайн сауалнаманы толтыру кезінде сұрақтар туындаса, [sanaq-myta](http://sanaq-myta) деп аталатын виртуалды көмекші арқылы жауап алуға болады. Сонымен қатар, 1446 нөмірі бойынша біздің байланыс орталығына хабарласа алады. Байланыс орталығы сауалнамаға қатысты барлық сұрақтарға жауап беруге дайын.

– **Санақ жұмыстарына кімдер тартылады?**

– Санақ жұмыстарына жалпы 240-қа тарта нұсқаушы мен интервьюер уақытша жұмысқа тартылады. Ауыл шаруашылығы санағының символикасы бар бейсболка, жамылғысы, портфель және QR коды бар куәлік болады. Бұл QR код арқылы интервьюердің ресми қызметкер екенін тексеруге мүмкіндік береді.

– **Санақтан қандай нәтижелер күтуге болады?**

– Ауыл шаруашылығы санағы – аграрлық сектордың жай-күйі туралы шынайы және жан-жақты ақпараттың негізгі көзі. Ол егін алқаптары, мал басы, шаруашылықтардың құрылымы, материалдық-техникалық жарақтандыру деңгейі, еңбек ресурстары туралы деректерді ұсынады, бұл аграрлық сектордың әлеуетін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Санақ нәтижелері мемлекеттік ресурстардың тиімді бөлу және тұрақты агроөнеркәсіптік саясатын қалыптастыру мақсатында маңызды шешімдерді қабылдау үшін қажет.

– **Санақтың қорытынды мәліметтері қашан жарияланады?**

– Іс-шаралар жоспарына сәйкес санақтың қысқаша қорытындылары 2025 жылдың желтоқсанында жоспарланған. Ал толық қорытынды мәліметтері 2026 жылы Ұлттық статистика бюросының сайтында көпшілікке ұсынылатын болады.

– **Сөз соңында оқырмандарға айтар ұсыныс-пікіріңіз болса...**

– Азаматтардың белсенділігі мен шынайы жауаптары – сапалы деректер алудың негізі. Сондықтан шынайы әрі нақты ақпарат еліміздің аграрлық секторын дамытуға зор ықпал ететіні сөзсіз. Барлық азаматтарды стратегиялық маңызды зор шараға белсенді түрде қатысуға шақырамын.

Әнгімелескен  
**Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,**  
«Сыр бойы»









